

егемен

Казакстан

## Басты бағдар – ұлтымызды ұйыту

Мәңгілік рухты басшылыққа алып, ақирет пен дүние істерін бірдей назарда ұстау – рухани тінімізді әлсіретпеу үшін де, қоғамның ілгерілеуі мен алға жылжуы үшін де керек екені анық. Дін – рухани өмірдің құбыласына айналғандай. Десек те, шынайы құлшылық қылудың мәнісін білуде, иман ұғымын ғибадат түсінігінен, Құдай ісін дін ісінен айыруда нені басшылыққа алғанымыз жөн? Исламның рухани әлеміне тереңдеп бару – қоғамда түсіністік ауанының қалыптасуына, рухани келісімнің орнауына сеп болатыны да белгілі ғой. Бүгінде қоғам ішін толғандыратын сауал жетерлік. Біз солардың бір парасына ғана жауап іздегендей болдық. Мәңгілік рухты басшылыққа алып, ақирет пен дүние істерін бірдей назарда ұстау – рухани тінімізді әлсіретпеу үшін де, қоғамның ілгерілеуі мен алға жылжуы үшін де керек екені анық. Дін – рухани өмірдің құбыласына айналғандай. Десек те, шынайы құлшылық қылудың мәнісін білуде, иман ұғымын ғибадат түсінігінен, Құдай ісін дін ісінен айыруда нені басшылыққа алғанымыз жөн?

Исламның рухани әлеміне тереңдеп бару – қоғамда түсіністік ауанының қалыптасуына, рухани келісімнің орнауына сеп болатыны да белгілі ғой. Бүгінде қоғам ішін толғандыратын сауал жетерлік. Біз солардың бір парасына ғана жауап іздегендей болдық. 1. Исламның «алтын орта» ұстанымы, «алтын ортаны іздеу» жөнінде қандай ой-пайым айтар едіңіз?

2. Діннің түпкі негізін Шәкәрімде, Абайда айтылатын ғылым, мейірім, әділет жөніндегі Құдайлық, яғни илаһи заңдар арқылы түсіндіруге қалай қарайсыз? Бұл дінаралық түсіністікке қаншалықты негіз болар еді?

3. Дін мен ұлттық мүдде, олардың ұштасуы мен тоғысуы тұрғысындағы байламыңыз қандай?

4. Елдегі діни сенім бостандығын түрлі секталар мен жат ілімдердің пайдаланып кетуіне, конфессиялар мен діни ағымдар арасындағы бәсекелестіктің орын алуына тосқауыл қоюда нені басшылыққа алған жөн?

5. Бүгінгі күнге дейін ұлтқұраушы, мемлекетқұраушы ел ретінде конфессияаралық, дінаралық келісім мен мәдениетаралық үндесу ұстанымы аясында неге қол жеткізе алдық, болашақта неге баса мән беруіміз қажет?

Амангелді Айталы, қоғам қайраткері.

1. 2. «Алтын орта» деп дәстүрлі діндерге ортақ құндылықтарды айтамыз. «Өркениеттер қақтығысы», христиандық пен ислам қарама-қарсылығы жасанды идея, оның астарында саяси, экономикалық, әлеуметтік мәселелер жатыр. Бір құдайға табынған әлемдік діндер, қасиетті кітаптар Ибраһим пайғамбар отбасыларының арасында қақтығыс болуды қаламайды, сенім бірлесіп еңбек етуге міндеттейді. Мысалы, араб елдерінде Еуропа елдеріндегідей еврейлерді қудалау, қырып-жою болмаған. Еуропада еврейлерге ойран салу да дінге байланысты емес, саясатқа, ұлт саясатына, бәсекелестікке байланысты. Әрине, дінаралық соғыстар да болған. Бірақ қарапайым халық бейбіт өмір сүруге ұмтылған. Көршісін өзіндей сыйлаған қазақ оның дініне қарамайды. Өкініштісі, тарихшылар дінаралық соғыстарды теріп жазып,

адамдар арасындағы сыйластыққа мән бермейді, сондықтан кейде тарих тек соғыстан тұратын сияқты болып отыр. 3. Дін мен ұлттық мүдделер аясында қайшылық жоқ. Ислам діні ұлттық ортаға икемді, үйлесімді, әсіресе Ханафи бағытындағы ислам ұлттық құндылықтарды құрметтейді. Ал енді ұлттық салт-дәстүрлерді айтатын болсақ, олар исламға дейінгі заманнан бастау алып, күні бүгінге дейін жалғасып келеді. Жаңа туған ай мен күнге, от пен суға сиыну сияқты басқа да ырым-жоралар әлі де бар. Бірақ бұны көп құдайға табынушылық деп бағаламау керек. Бүгін бүкіл әлемде сиқыршыларға жүгіну құдайға сенумен қатар келе жатыр, тіпті үлкен етек алуда. Сондай-ақ жаназа, жерлеу, ас беру, еске алу, тағы басқа да мәселелерде міндетті діни парыздар емес, ұлттық, кейде аймақтық, тіпті пендешілік те көріністері бар.

4. Әрине, басшылыққа заңдарды алу керек. Сонымен бірге әлеуметтік жағынан әлжуаз топтар секталардың ықпалында көбірек болады. Біз қалай болғанда да діндер нарығы, діндер бәсекелестігі заманында өмір сүреміз. Қай діннің, болмаса сектаның өкілі шешен, діни психологияны терең меңгерген, тәжірибелі, икемді сол секталарға өз билігін жүргізеді. Сондықтан әлеуметтік жағдай, діни сауаттылық үлкен рухани да байлық болып отыр.

5. Біздің мемлекет үшін конфессияларалық, дінаралық келісіммен қатар, дінішілік мәселе де маңызды. Егер неге қолымыз жетті дейтін болсақ, діни тәуелсіздікті, діни бостандықты айтуға болар, сонымен бірге осы еркіндікті ұлтымыздың бірлігіне, ортақ ынтымақтастығына әлі пайдалана алмай отырмыз. Бұрын тілі екеу ұлт болсақ, енді діні көп ұлт болу қаупі бар. Жаңа христиан қазақтар, негізінен протестанттар пайда болды. Басты мақсат – Ханафи бағытындағы ислам идеологиясы негізінде ұлтымызды ұйыту болып отыр.

Жазып алған Ләйла Еділқызы.